

А.О. Мұсабеков

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанда адам саудасы ұдайы ұлғаю үдесіне ие болып отыр. Адам саудасының негізгі құрбаны халықтың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген бөлігі болып табылады.

Адам ұрлаған қылмыскерлердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы олардың ішінде 21-ден 29 жасқа дейінгілер 40%-ды, ал 30-дан 39 жасқа дейінгілер 31%-ды құрайтындығын көрсетеді. Халықтың кеңірек бөлігінің ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайы және жұмыссыздық кейбір адамдарды осындай қылмыс жасауға итермелейді. Бірақ маңыздылығы аз болмай тұрған бас пайдасы мен баюды көздеуі осындай іс-әрекет жасауда басым болып тұр. Адамдарды ұрлауға қатысы бар арампиғылдылардың 71%-ды жұмыссыздар екен.

Ішкі істер министрлігінің мәліметтері бойынша «2008 жылы республика бойынша адам саудаласының 15 дерегі тіркелген, оның 5-і-жасы кәмелетке жетпегендер, 4-і адамдарды пайдалану мақсатында ұрлау». [1].

1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтыры мен бостандықтары» [2, 4 б.].

Мемлекет өзінің әрбір азаматы өмірінің қауыпсіздігі үшін өз территориясында немесе одан тысқары жерде жауапты және оған кепілдік береді. Адам саудасымен күресетін Қазақстан бекіткен бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдер бар. Солардың бірі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылдаған «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» болып табылады. Оның 4-бабында былай делінген: «Ешкім құлдықта немесе еріксіз жағдайда ұсталуы тиіс емес; құлдықтың және жұмысшы сатудың барлық түріне рұқсат жоқ». [3, 13 б.]. Қазақстанда негізінен әйелді ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілігіне тартумен байланысты мәселелер зерттелді, ал адамды ұрлаған үшін жауапкершілік проблемасына қатысты іргелі зерттеулер жүргізілмеді. Адам ұрлаған үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелерімен Акутаев Р.М., Бауськов Д., Брильянтов В., Гаджиэминов Б.А., Журавлев И.А., Кулушев С.М., Культелеев Т.М., Мамутов А.М., Мартыненко Н.Э., Милявский А.И., Нуркаева Т., Резепкин О.Ю. және т.б. айналысты.

Адам трафигі, яғни, адам саудасы қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінің бірігіп күресетін мәселелерінің алдыңғы қатарында тұр. Адам саудасы ежелгі дәурдегі құлдықтың көрінісі.

Адам саудасы қазіргі кезде теріс қоғамдық құбылыс болып табылады. Бұл құбылысты алғаш рет ХХ-ғасырдың басында құқық қорғаушылар көтерді. Сол кезде Еуропа мемлекеттерінде жезөкшелікпен айналысуға мәжбүр етілген Ұлыбританиядан шыққан әйелдерге ерекше көңіл аударылған болатын. Сол кезде «ақ құлдық» термині пайда болды да, ол «адам саудасы» терминіне ауысты. Озінің мәні жағынан «адам трафигі» («адам саудасы») ұғымы құл саудасы түсінігіне жақынырақ келеді. Қазіргі таңда «адам трафигі», яғни, «адам саудасы» ұғымының біздіңше әлдеқайда толық анықтамасы БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресу жөніндегі Конвенциясын толықтыратын «Адам, әсіресе, әйелдер мен балалар саудасының алдын алу жөніндегі» хаттамада былай тұжырымдалған: «Адам саудасы адамды пайдалану мақсатында мыналарды жүзеге асыру болып табылады: басқа жаққа асырып жібіру, алып кету, біреуге беру, жасыру немесе күшпен қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің басқа формаларын қолдану жолымен адамдарды алып кету, ұрлап кету, алаяқтық жасау, алдап - арбау, биілікті немесе қызмет орнына байланысты тәуелділікті асыра пайдалану, екінші адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлем немесе пайда табу түрінде сатып алу жолымен». [4, 1 б.].

Адам трафигі, яғни адам саудасы көптен бері және қазіргі кезге дейін әлемнің көптеген елдерінің бірігіп күресетін мәселелерінің қатарында тұр. Тұлғаның негізгі құқықтары мен еркіндігін қорғауға байланысты 1948 ж. қабылданған адам құқығының Жалпыға бірдей Декларациясы, адам құқытарымен негізгі еркінділіктерін қорғау жөніндегі 1950 ж. Еуропа Конвенциясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 ж. халықаралық пактылар осының айғағы. Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін және адам саудасымен күресетін ең негізгі құралы 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы екендігі оның 1-бабында былай тұжырымдалған: «Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтарымен бостандықтары». [2].

Сарапшылардың мәліметтері бойынша соңғы 10 жыл ішінде Қазақстаннан шамамен 5000 әйел шетелге сатылған. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1999 жылғы мәліметтері бойынша Грециядан – 25, Біріккен Араб Әмірлігінен (БАӘ) – 21, Туркиядан – 16, Израйлден – 3 әйел елге қайтарылды. Құқық қорғау органдары қаңтар мен қазан айларының аралығында 300-дей адам тауарының контрабандасын тіркеген. Контрабандашылардың негізгі қолға түсетін олжалары 30 жасқа дейін қыздар. [5, 1 б.].

Шынайы статистикалық мәліметтер болмағандықтан Республикадағы шынайы жағдайдың қандай екендігін айту қиың. Бұл бізде адам саудасы жөніндегі жұмыстың іс жүзінде әлі де болса дұрыс жолға қойылмағандығын көрсетеді. Адамды саудалауды криминалдаудың (берілген қылмыстың ерекшеліктерін және оны болдырмаудың әдістерін анықтаудың) әлеуметтік-құқықтық және тарих алғы шарттары деп адам саудалаудың қылмыстық ерекшеліктері мен оны болдырмаудың әдістерін құқықтық негіздегі қоғамдық қатынастар және осы қатынастардың тарихи даму кезеңдеріне сүйеніп ой қорытудың бастапқы пунктін айтамыз. Адамды саудалауды криминалдау процессінің құрылымы өте күрделі. Сондықтан оны әртүрлі көзқарас тұрғысынан талдауға болады. Біз аталған процессті оған қатысушы барлық адамдардың құқықтық негіздегі қарым-қатынасы тұрғысынан талдаймыз да, оны әлеуметтік-құқықтық талдау деп атаймыз. әрі берілген талдауды нақты тарихи кезеңдер бойынша қарастырамыз. Нәтижесінде адамды саудалауды криминалдаудың әлеуметтік-құқықтық және тарихи алғышарттарын анықтаймыз.

С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведовтың орыс тілі түсіндірме сөздігінде [6, 944 б.] алғышартқа мынадай түсініктеме берілген: «Алғышарт. 1. Қандай да бір ой қорытудың бастапқы пункті. Дұрыс алышарттардан бастау керек. 2. Қандай да бір нәрсенің алдыңғы шарты».

Аталған сөздікте криминалогия қылмыс және оның алдын алудың әдістері жөніндегі ғылым [сонда, 468 б.], әлеуметтік «Адамдардың өміріне және олардың қоғамдағы қатынасына қатысты қоғамдық» [сонда, 752 б.] деп түсіндіріледі. Философиялық сөздікте құқық ұғымы былай анықталады: «Құқық- мемлекеттің қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесінің өмір сүруі мен дамуының маңызды факторы». Адам саудасына қарсы әрекет жасаудың қылмыстық-құқықтық саясатының теориялық тұжырымдамасы, арнаулы базалық заңы, нормалары, жоспарлары мен оларды жүзеге асырудың шаралары әлі де болса жетілмеген.

Адам саудасымен күресті белсенділендіруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 24-ші ақпанындағы №219 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудалау жөніндегі қылмыс пен күресу, оны болдырмау және сауықтыру жөніндегі 2006-2008 жылдары жүргізілетін шараларының Жоспары туралы». Қаулысы үлкен роль атқарады. Ол адамның еркіндігін оны саудалаумен байланысты қылмыстық әрекеттерден қорғау жөніндегі шаралардың кешендік жүйесін бекітті, осындай әрекеттер үшін жауапкершілікті құқықтық реттеуді жетілдірудің бағыттарын анықтады.

Соған қарамастан адамдарды саудалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікпен байланысты проблемаларды кешенді және жүйелі зерттеулер 2009 ҚК-ті қабылдағанға дейін де, кейін де жүргізілмеді.

Адам еркіндігін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жоғары мәнділігі, халықаралық қауымдастықтың оны болдырмауға баланысты күрестегі белсенділігі, құқықтық заңның адам саудасымен күрестегі ролінің артуы, сондай ақ аталған проблеманың (адамдарды саудалағаны үшін қылмыстық жауапкершілік проблемасының) Қазақстан Республикасында ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуі автордың осы бағытта ғылыми жұмыс жасауына негіз болды.

1. Бекмагамбетов А.Б. Торговля людьми: доктринальный и законодательный подход к проблеме противодействия (на материалах Казахстана и России), 2009. – 246 с.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1999 ж., 30 тамыз. – Алматы: Юрист, 2003. – 36 б.

3. Права человека / Сборник международных документов. – М.: Юрид. Лит., 1998. – 608 с.

4. Торговля людьми как явление // База данных / Международный женский правозащитный центр Ла Страда – Украина. // <http://www.lastada.kiev.ua/tp>

5. Доклад о соблюдении прав человека в Казахстане в 2001 г. // Государственный департамент США. // <http://www.state.gov>. 1 б.

6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – 4-е издание, дополнено. – М.: Азбуковник, 1999. – 1200 с.

This article analyzes the statistical material on human trafficking in the Republic of Kazakhstan, discussed the legal issues of human trafficking in Kazakhstan, and their criminalization, the degree of exploration of these issues in the legal literature

В данной статье анализируются статистические материалы по торговле людьми в Республике Казахстан, рассматриваются правовые вопросы торговли людьми в Казахстане и их криминализация, степень разработанности этих вопросов в юридической литературе